

Агрессияның психоаналитикалық және этологиялық бағыттары

Орындаған: Утегалиева Г. А

Психология 19.629

Тексерген: Абеуова Ш. К

Психоаналитикалық бағыт. Бұл бағыттағы агрессияның зерттелуі былайша қарастырылады, яғни «агрессия – ол шынайы мінез – құлықта немесе қиялдаудың әсерінен көрінетін тенденция немесе соған бейімділік, ал мұндағы мақсат – басқа бір адамға залалын тигізу, оны жою, қандай да бір әрекеттің есебінен оны еркінен айыру, намысына тию т.б». Агрессия ол тек бұзақылық немесе зорлық зомбылық жасау әрекеті болуы мүмкін емес.

Агрессивтілік – ол тенденция немесе тенденцияға бейімділік, мұнда мақсат – басқа адамға зиян келтіру, ал агрессия- осы тенденциялардың (ой, ниет, мақсат) сырттай көрінісі және ол жағымсыз сол сияқты жағымды, символикалық сыртқы көрініс формасына ие болуы да мүмкін. Мұнымен қоса, агрессивтілік ол психоаналитикалық бағыт бойынша адам бойындағы қасиеттерінің фундаменти ретінде қарастырылады.

Бұл тұрғыда З. Фрейд агрессия мен агрессивтілікті ғылыми психологиялық талдаудың объектісіне айналдырды, ал бұл агрессияның фрустрациялық концепциясының құрылуына әкелді.



Бұл тұрғыда З. Фрейд агрессия мен агрессивтілікті ғылыми психологиялық талдаудың объектісіне айналдырды, ал бұл агрессияның фрустрациялық концепциясының құрылуына әкелді.



Фрейд өзінің алдыңғы жұмыстарында былайша тұжырымдады, яғни адамның барлық мінез-құлқы – **эротан** (либидо) яғни өмірдің инстинкттарынан туындайды. Кейіннен Фрейд **танатостың** мәнін ашты – ол дегеніміз өлімге бел байлау (өмірдің тоқтауы және жоғалуы).


Ол былай деп санада – яғни осылардың арасында әрқашанда күйзеліс, тартыс, дағдарыс, дау-жанжал, қарама-қарсылық болады, ал басқа да механизмдер танатостың энергиясын сыртқа қарай бағыттайды, соған байланысты агрессия сыртқа қарай шығып, басқа адамдарға бағытталады.

Фрейдтің ойынша агрессия сөзсіз болатын, яғни егер танатостың энергиясы сыртқа қарай шықпаса, ол адамда түрлі бұзылыстардың, аурулардың болуына әкелуі мүмкін. Осындай жағдайдан шығудың жолы -энергиясының бұзылуына әкелетін – **катарсис** табылады.

А. Адлер ойы бойынша агрессивтілік – ол адамның іс-әрекетін ұйымдастыратын, сананың ажыратылмайтын сапасы болып табылады.

Агрессия алдыңғы айтылып кеткендер сияқты бір – біріне қарама –қайшы бастаулардың: өмір мен өлім, бейбітшілік пен соғыс, субъект пен объект т. б сияқтылардың дағдарысы болып табылады.

Психоаналитиктердің ойынша агрессивті әрекет ол катарсиске (жамандықтан жанын тазарту) әкеледі деуде.



Ф. Зимбардтың айтуынша мұндай қарама-қайшылықты шешуге болады, егерде біз эмоциялық көрініс пен агрессиялық әрекет арасындағы айырмашылықты ажырата білсек. Мәселен, іштегі сезім сөйлеу, жылау немесе күлу арқылы шығарылды, ондай болса мазасыздық бәсеңдеп, жағдай жақсара түседі. Бірақ өзінің жауына немесе қарсыласына деген агрессиялық әрекет сөзбен немесе іспен, жанама немесе тікелей жасалса, онда агрессиялық әрекеттің жасалуына мүмкіндік туғызған ішкі мотив (себеп) алдыңғыға қарағанда әлсіз емес, одан әрі күшейе түседі.

Этологиялық бағыт.

Этологтар оларда психоаналитектер сияқты ең басты ролді инстинктегі деген көзқараспен аяқтайды, ал адамның агрессиялық мінез-құлқы туа пайда болатын спонтанды реакция деп қарастырады. К. Лоренцтің (1960) пайымдауынша **агрессия** ол спонтанды үздіксіз дамиды және уақыт өткен сайын соғырлым күшейе түседі.

Сонымен бірге агрессия өз бастауын біріншіден тіршілік етуге бағытталған туа пайда болған инстинктен алады, ал бұл барлық адамдарға және басқа да тірі жандарға тән. Оның айтуынша, бұл инстинк ұзақ жылғы эволюция барысында дами түсті және осының негізінде 3 маңызды функция бар: Біріншіден – **күрес** ол түрлердің өкілін бүкіл географиялық кеңістікке таратады, екіншіден – **агрессия** генетикалық қордың жаңаруына көмектеседі, яғни артында өзінің ұрпағын тек күшті және энергиясы мол, қайратты, жігерлі адамдарда қалдыра алады, үшіншіден – күшті, мықты жануарлар өзін – өздері жақсы қорғай алады және өзінің балаларын, төлдерін қорғай алады.

Оның ойынша, агрессиялық энергия (өзінің қайнар көзі ретінде – күрес инстинкті деп санайды.) организмде спонтанды дамиды және үздіксіз күннен күнге толысып отырады. Сондықтан, дәл осы агрессиялық әрекеттердің өрістеуі бірлескен функциялар болып табылады.

Берковиц тұжырымы бойынша фрустрация – агрессиялық реакцияларды арандатып көптеген әртүрлі аверсивті стимулдардың бірі, бірақ ол тікелей агрессиялық мінез-құлыққа әкелмейді, керісінше агрессиялық әрекеттерге дайындайды. Берковиц пен келіссек, стимулдар шартты рефлекстердің жасалуымен ұқсас, жүйелі процесстер мен агрессияны арандату қасиетін иемденеді. әкеледі десе, бұл соншалықты жиі болмайды.



Стимул агрессиялық мәнге ие болады, егерде жағымды қуатты агрессиямен немесе бұрын бастап кешкен жағымсыз жағдаймен және ауыр күнмен байланысқан болса. Соныменен, фрустрациялық жағдайда адамдар әрқашан вербальды немесе физикалық түрде басқа адамдарға шабуыл жасамайды. Олар әсіресе барлық спектр реакциясын фрустрация түрінде көрсетеді: яғни, өзінің жолындағы кедергілерді жеңуде көңгіштік және уайымнан бастап белсенді әрекетке дейін барады. Көптеген эмперикалық зерттеулердің нәтижесінде, олар – фрустрация кейде агрессияның пайда болуына әкеледі десе, бұл соншалықты жиі болмайды.

Назарларыңызға рахмет !!!